

FTAXP 18.49.01

Т.О. Ізім¹¹Қазақ ұлттық хореография академиясы
(Астана, Қазақстан)**МЕМЛЕКЕТТІК «НАЗ» БИ ТЕАТРЫ – ҚАЗАҚСТАН ХОРЕО-
ГРАФИЯ ӨНЕРІНДЕГІ ОРНЫ ЕРЕКШЕ ҚҰБЫЛЫС****Аннотация**

Мақалада Егеменді Қазақстанның хореография өнерінің дамуына өз үлесін үздіксіз қосып келе жатқан мемлекеттік «Наз» би театрының шығармашылық жолы қарастырылған. Шығармашылық ұжым ретінде қалыптасуы мен репертуарлық саясаты, осы ұжымды құруда еңбек еткен хореографтардың шығармашылық үлестері де қарастырылады.

Түйін сөздер: ансамбль, хореография, композиция, спектакль, хореограф, балетмейстер, композитор, сценография.

Т.О. Ізім¹¹Казахская национальная академия хореографии
(Астана, Казахстан)**ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ТЕАТР ТАНЦА «НАЗ»
КАК УНИКАЛЬНОЕ ЯВЛЕНИЕ В ХОРЕОГРАФИЧЕСКОМ
ИСКУССТВЕ КАЗАХСТАНА****Аннотация**

В статье рассмотрен творческий путь Государственного театра танца «Наз», который принимает непосредственное участие в развитии искусства казахстанской хореографии. Также рассматриваются вопросы формирования репертуара творческого коллектива, творческий вклад хореографов, которые работали над созданием этого коллектива.

Ключевые слова: ансамбль, хореография, композиция, спектакль, хореограф, балетмейстер, композитор, сценография.

Т.О. Ізім¹¹The Kazakh National Academy of Choreography
(Astana, Kazakhstan)**STATE THEATER OF DANCE “NAZ” AS A UNIQUE
PHENOMENA IN THE CHOREOGRAPHIC ART OF
KAZAKHSTAN****Annotation**

The article presents a creative approach to the State «NAZ» dance theater, which contributes to the art of independent Kazakhstan choreography. They discussed the formation and repertoire of the creative team. The exemplary business and creative ways of choreographers who worked in the creation of this team were also considered.

Key words: ensemble, choreography, composition, performance, choreographer, choreographer, composer, script.

Ел ордасы Астананың мәдени-ғылыми әрі рухани-көркемдік өркендеуіне, қоғамдық тәлім-тәрбие беруде өз үлесін қосып жүрген Қазақстан жастар одағы сыйлығының иегері, 2007 жылы Мемлекеттік «Наз» би театры болып қайта құрылған бұл ұжымның шығармашылық бағыт-бағдары ерекше, жоғарғы деңгейдегі кәсіби би ұжымы.

Ансамбль ретінде 1999 жылы Астана филармониясы жанынан құрылған ұжымның халық билерін орындаудан басталған шығармашылығы осы жылдар арасында өсу үстінде болды. Астана қаласында осындай шығармашылық ұжымның құрылуының өзін би өнері маңында жүрген өнерпаздар қуана қабылдаған болатын. Осы ұжым Қазақстан хореография өнеріне жаңа леп, жаңа бағыт-бағдар әкелер деген ойдың да болғаны рас. Міне, сол үміттің ақталғаны «Наз» би театрының ашылуы. Театрдың ашылу рәсіміне орай көрсетілген концерттік бағдарлама өзінің көркемдік деңгейімен, ансамбль бишілерінің кәсіби орындаушылық шеберлігімен көрерменін тәнті етті. Бұл бағдарламада қазақ билерімен қатар дүние жүзі халықтары билерінің орындалуы да ансамбльдің кәсіби деңгейін көрсетті. Жалпы халық биі жөнінде әлемге белгілі балетмейстер Игорь Моиссев: «...би ансамблінің міндеті халық арасында сақталған қарапайым билерді композициялық тұрғыдан жетілдіріп, би өрнектерінде кейбір қимылдарды күрделендіре түсу», - деп өз ойын білдірген [1, 37 б.]. Біз ансамбль жетекшілерінің осы бағытта үлкен жұмыс атқарғанын көрдік.

Қысқа мерзім ішінде «Тұйғындар» атты үлкен спектакль қоюлары өнер ұжымының болашақ бет-пердесін айқындады десе болады.

Өз халқының тарихын айналып өткен өнер адамы ешқашан болған емес. Халық тарихы жазушының, суретшінің қаламын ұштаса, осы қойылымда балетмейстердің, композитор мен сахна және жарық режиссерлерінің, орындаушылардың қиялын өзі өмір сүрмеген ғажайып замандарды зерделеуге бастады. Соның барлығын дене қимылы, яғни би арқылы беру оңай бола қоймайтын процесс. Ол туралы В. Беглайдың «Этническая хореография народов мира» атты еңбегенде былай делінген: «Адам қозғалыстарының мәнерлі өнері (би, театр, пантомима, цирк) - тамаша семиотика (өнер түрлерінің белгілері жүйесі туралы ғылым). Биді басқа өнер түрлерінен ерекшелендіретін де, бірлестіретін де, тек қана адам денесі арқылы орындалатынын да болып табылады, сонымен бірге би (немесе театрда) өнер туындысы аудитория алдында пайда болады. (Искусство выразительных движений человека (танец, театр, пантомима, цирк) – это исполнительская и зрелищная семиотика. Их объединяет и отличает от других искусств не только то, что их фактура, плоть – это тело человека,

но и то, что в танце (или театре) произведение искусства возникает на глазах зрителей) [2, 5 б.]. Би өнерін зерттеп жүрген азербайжандық ғалым О. Зейналова: «.. би – ым белгілері, қалып белгілері, жалпы дене белгілерінен тұратын қимылдар, сөйлесу жүйесі және тілдік жүйе», - деп көрсеткен [3, 119 б.]. Олай болса, би өз кезегінде дене пластикасы арқылы сөйлеу жүйесін қалыптастырады. Көрермен осы қойылым арқылы халықтың ерте заманғы өмірімен танысып шықты деуге болады.

Мазмұны мен айтар ойы ұлттық түрдегі осы би спектаклінің хореографиялық шешімі синтездік түрде болғаны спектакльдің көркемдік идеясын аша түскен. Қазақ халық биінің бүгінгі хореография өнеріндегі алуан түрлі үлгілерін қолдана отырып жаңа түр алғаны, музыкалық шығармалардың жаңаша әрленгендігі спектакльдің ерекшелігі болды. Жазушы Ж. Дәренбековтің: «Қазақ халқының өмір салтындағы ғұрыптары мен рухани үрдісіндегі сан-қырлы болмысы кімкімді де қайран қалдыратын құбылыстарға толы», - деп көрсетуінің өзі осы қойылымда айқындала түскендей [4, 3 б.].

«Тұйғындар» спектаклінің өнбойында қазақ халқының эстетикалық болмысы көрсетілген десе болады. Сахнаны көркемдеу шешімінде (сценография) қолданған тас мүсіндер мен Күлтегін жазбалары көрерменді еріксіз тарих қойнауына жетеледі. Сол ата-баба тарихының бір көрінісі – әр мүсін жанында әртүрлі би қалпында орналасқан жауынгер бейнелері болды. Тарих қойнауынан көркем шығарма боларлық мазмұн іздеу барысында Еркебұлан Ағымбаев (либреттосын жазған және балетмейстер) филология ғылымының докторы, түркітанушы ғалым Қаржаубай Сарткожаұлының ақыл-кеңесіне сүйеніп іске асырғаны белгілі. Ал композитор, музыка әрлеуші (аренжировкалаушы) Байдалы Рыспанбеттің шығармалары спектакльдің өн бойына әр берген. Спектакль басындағы Абыздың ерте заманнан хабар берер әр сөзіне көрермен сенді.

Халық биі тек сахналық үлгідегі кішігірім композиция ретінде ғана дамып келгені белгілі. Республиканың хореография өнерінде алғаш рет халық биі классикалық балетпен терезесі теңесіп, үлкен шығармаға айналды. Бұл сөзсіз би өнеріндегі құбылыс. Халық би ансамблінің орындауында осындай үлкен шығарма сахналандығы би өнеріне қосылған жаңалық болып енді.

Осылай басталған шығармашылық ұжымның көрерменнің көзайымына айналғанына да биыл 20 жыл толып отыр. Осы жылдар аралығында өз репертуарын әлем халықтарының өмірінен сыр шертетін шығармалармен қатар заманға сай бүгінгі күн мәселелерін де көтерер қойылымдарды іске асырды.

Н.Тілендиев шығармаларына қойылған «Нұрғиса» спектаклі қазақ халқының талантты композиторы Нұрғиса Тілендиев өміріне

арналған. Нұрғисаның балалық шағынан бастау алатын қойылым, ауылды суреттеуден басталды. Саз әуеніне еліктеген бала Нұрғиса Жамбыл атасынан бата алып тұр. Мектеп қабырғасындағы балғын балалық шақ студенттік өмірге жалғасты.

Мәскеудегі білім, соғыс жылдарындағы Нұрғиса, алғашқы махаббат, XX ғасырдың 40-50 жылдардағы жастардың өмірі.

Нұрғисаның шығармашылық шырмауындағы қуанышы мен күйзелісі осының бәрін балетмейстер мен режиссер би қимылдары арқылы ағамыздың болмысын өзінің шығармаларында қолдана отырып, әдемі аша білген. Бұл қойылымның тағы бір ерекшелігі – Қарағанды мемлекеттік филармониясының Тәттімбет атындағы академиялық ұлт аспаптар оркестрінің сүйемелдеуінде жүруі болды. Бұл қойылымға ғылыми кеңесші ретінде Ұлттық музыка академиясының доценті, ҚР мәдениет қайраткері Қ. Сайжанов шақырылған болатын. Әрине, Нұрғиса ағамыздың музыкалық шығармалары жеткілікті, соның ішінен керегін таңдап алу, оны өңдеп, оркестрге ұсыну да үлкен жұмыс болатын. Осы жұмысты атқаруда белгілі музыкант М. Тналинның де көмегі ұшан-теңіз болды. Ал, біз көрермен ретінде театр басшыларының шақыруымен Алматыдан әдейі келіп тамашаладық. Өте сәтті шыққан көркем дүние болды.

Жастарға арналған «Ақ пен қара», композитор-өңдеуші (аранжировкалаушы) Байдалы Рыспанбеттің дайындаған музыкасына қойылған бүгінгі жастар мен отбасы тәрбиесіндегі мәселелерге арналған «U - sana» балеті жанр жағынан ерекшеленді. Заманауи хореография лексикасына қойылған қойылым өзінің мазмұнымен бүгінгі күнгі бір отбасындағы бала мен ана арасындағы қарым-қатынасты көрсете алды.

Тәрбиелік мәні зор осы қойылымдар жас көрермендер жағынан үлкен ықыласқа ие болды.

Жалпы ұжымның барынша шығармашылық ізденісте болғаны дұрыс қой. Сондай ұстанымда жүретін бас балетмейстер Қадиша Ағымбаеваның ізденістері жас көрермендерді тәрбиелеуді де естен шығармайтыны көрінді. Соның бір дәлелі мектеп оқушыларының қысқы демалысы кезінде көрсетілген «Әлемді бірге құтқарайық» қойылымы болды.

Осы жылдар аралығында «Болеро», «Мың бір түннің бір түні», т.б би спектакльдерімен қатар «Қазақ жәдігерлері» атты қазақ биіне арналған үлкен концерттік бағдарлама да іске асырылды. Репертуар ауқымының кеңдігі, оның әр бағытта болуы орындаушылармен қатар балетмейстердің де шығармашылық деңгейінің өсуіне өз әсерін тигізетіні белгілі. Олай болса, репертуарға біз атаған шығармалардың енуі өзінен өзі белгілі дүние.

Жоғарыда тоқталған шығармаларға қайта ой жүгіртсек, мемле-

кеттік «Наз» би театрының Қазақстан хореография өнерінің, соның ішінде қазақ халық биінің дамуына жаңа құбылыс болып енгеніне көз жеткіземіз.

Міне, осы 20 жыл мерзім ішінде көрермен іздеп жүретін шығармашылық ұжымға айналуы, үлкен жетістіктерге жетуі театрды құрып, басқарып жүрген ерлі-зайыпты Еркебұлан мен Қадиша Ағымбаевтардың осы жылдар аралығындағы ізденістерінің жеміссіз болмағанының дәлелі.

А.Селезнев атындағы Алматы хореография училищесінің түлектері, мемлекеттік «Алтынай» ансамблінің алғашқы бишілері ретінде өз өнер жолдарын бастаған. Жоғары білімді екі жас алғашқылардың қатарында Астана қаласына аттанған болатын. Ағымбаевтардың әр жерлерде өтіп жүрген байқаулардың жүлдегерлері атанып, өз өнерлерін шет елдерде де абыроймен паш ете білгендері болашақта үлкен шығармашылық табыстарға қол жеткізетіндеріне сенімділік туғызды. Олар бүгінгі күні толысып, ой тоқтатқан өнер майталмандарына айналып отыр. Ал, Еркебұлан өз жолын ел басқарып, жастарға жол көрсету бағытында өнегелі жұмыстар атқарып жүргеніне де біраз жылдар болды.

Жалпы шығармашылық ұжымды бір үйдің баласындай тәрбиелеп, олардың репертуарлық аштыққа жолықпауына жауапты балетмейстер мен көркемдік жетекші екені мәлім. Міне, осы тұрғыдан алғанда бұл ұжымның өсіп-өркендеуі біраз жылдар бойы Еркебұлан мен Қадишаның іскерлігінің арқасында іске асып келсе, кейінгі жылдары барлық жауапкершілік тек Қадиша Ағымбаеваның мойнына жүктелді. Мемлекеттік «Наз» би театры – Қадишаның балетмейстерлік ойын ұштап, қиялын қанаттандыратын өз ұжымы.

Бүгінгі күні 20 жасқа толып отырған театрға сәттілік тілей отырып, бар болыңдар, қазақ би өнерін дәріптеген, соған өз өмірлерін сарп еткен апа-ағаларыңның жалғасы жоғалмасын деген тілек қосамыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Луцкая Е. Жизнь в танце. – Москва: Искусство, 1968. – 175 с.
2. Баглай В. Этническая хореография народов мира. – Ростов н/Д: Феникс, 2007. – 405 с.
3. Зейналова О. Проблемы классификации танцев: ритм и идея пластики. – Вестник КазГУКИ, 2010. – №3. – С.118-122.
4. Дәуренбеков Ж., Тұрсынов Е. Қазақ бақсы-балгерлері. – Алматы, 1993. – 224 б.

References:

1. Luckaja E. *Zhizn' v tance*. – Moskva: Iskusstvo, 1968. – 175 s. (*In Russ.*).
2. Baglaj V. *Jetnicheskaja horeografija narodov mira*. – Rostov n/D: Feniks, 2007. – 405 s. (*In Russ.*).
3. Zeynalova O. *Problemy klassifikacii tancev: ritm i ideja plastiki*. – Vestnik

KazGUKI, **2010**. – №3. – S.118-122. *(In Russ.)*.

4. Daurenbekov Zh., Tursynov E. *Qazaq baqsy-balgerleri*. – Almaty, **1993**. – 224 b. *(In Kazakh)*.